



## Жалпы білім беретін мектептің 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Махамбет оқулары» байқауын өткізудің ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

Осы ереже жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін республикалық «Махамбет оқулары» байқауының (бұдан әрі-Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық - әдістемелік қызметінің жүзеге асырылуын, байқауды өткізу мен қаржыландыру тәртібін, оқушылардың қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды.

1. Байқауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми - практикалық орталығы (Бұдан әрі - «Дарын» РҒПО) Атырау облысы білім беру басқармасымен бірлесіп ұйымдастырып, өткізеді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- мектеп оқушылары арасында Махамбеттің ұлтына ұран болған рухы биік туындыларын насихаттау;

- олардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту, тарихи санасы мен танымдарын, ізгілікке, демократияға және азаматтыққа бағдарланған дүниетанымдары мен сана - сезімдерін, өмірлік айқындамаларын қалыптастыру.

- тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу дағдысына үйрету, түсініктерді деректермен, дәйексөзбен дәлелдеуге жаттықтыру;

- дарынды балаларды анықтау, қолдау;

- әдеби мұралардың жүйелі оқылуын жолға қою.

- бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру;

### II. Байқаудың қатысушылары

1. Байқауға облыстық кезеңнің жеңімпазы атанған жалпы білім беретін ұйымдардың 8 - 11 сыныптарының оқушылары қатыса алады (әр номинация бойынша 1 оқушы). Әр облыс республикалық кезеңге жолдама алған 5 оқушы және жетекшіден тұратын бір топты ұсынады.

2. Жетекші топ құрамындағы оқушылардың жол бойындағы өмір қауіпсіздігіне жауапты болады.

### III. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Байқауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі үйлестіру және жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми - практикалық орталығы ұйымдастыру комитетін құрады (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

## 1. Республикалық ұйымдастыру комитеті:

- 1) іс - шараларды өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;
- 2) тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 3) байқаудың қорытындыларына талдау жасайды және жинақтап қорытады;
- 4) іс - шаралардың материалдарын баспасөзде жариялайды.

Байқаудың қорытындысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми - практикалық орталығының **Daryn.kz** және Атырау облысы Білім беру басқармасының «Таланттарды анықтау және қолдау» орталығының **[www.darynattyrau.kz](http://www.darynattyrau.kz)** сайтына орналастырылады.

## 2. Байқауды өткізу тәртібі

Байқау 5 бағыт бойынша өткізеді.

### 2.1. «Ұлы арман» - Махамбет шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу.

Қойылатын талаптар:

Республикалық кезеңде жас суретшілер ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, иллюстрациялық сурет салады. Композицияны дұрыс құра білуі, орындау техникасын меңгеруі, шеберлігі, компоновка және түс ерекшеліктерін таба білу, автор идеясын жүзеге асыру мүмкіндігі бағаланады. Жұмыс уақыты - 3 сағат.

Орындау техникасы: Жұмыс форматы - А3 түрінде. Кескіндеме (*акварель, гуашь, акрил*), графика (*тушь, перо, қылқалам, түрлі - түсті қарындаштар және т.б.*). Рамкаға салу міндетті.

2.2. «Ел құтқарар ер едім...» - Махамбет шығармаларын жатқа оқу конкурсы. Қатысушы өзі жатқа білетін шығармалардың тізімін конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет. Қатысушының жаттаған өлеңдерінің саны (көлемі) ескеріледі. Шығарманы мәнерлеп оқу шеберлігі (дикциясы, интонациясы) бағаланады және қатысушы өлеңді оқу кезінде қазылар алқасы тоқтатып, келесі оқушыға өлеңді жалғастыруды ұсынады. Берілетін уақыт 3 - 5 минут.

2.3. «Шашақты найза, шалқар күй» - Махамбет күйлерін орындаушылар конкурсы. Күй орындау шеберлігі, күй орындаудағы әдіс-амалдар мен қағыс ерекшелігін игеру деңгейі, сахна мәдениетін меңгеруі шарт.

2.4. «Тартынбай сөйлер асылмын...» - жас ақындардың өз туындыларын мәнерлеп оқу конкурсы. Қатысушыларға тақырып ұсынылып, өлең шығару үшін 40 минут уақыт беріледі. Туындының көркемдік дәрежесінің жоғарылығы, автордың поэтикалық тіл қолданысы, өзіндік айтқысы келген ойы (идеясы), туындының құрылымдық жүйесі (өлшемі, ұйқасы т.б.) бағаланады. (Қатысушы қосымша өзі дайындаған шығармаларының жинағын конкурс басталғанға дейін ұсыну қажет).

### 2.5. «Біз неткен ер, неткен ер?»

«Сергелдеңмен өткен ер» - «Хандар мен ел билеушілер», «Батырлар» тақырыбының бірін қорғау. Қатысушы өзі таңдап алған кейіпкер туралы жинақтаған мәліметтер мен деректерді жүйелеу және талдау арқылы тарихи-әдеби, рухани мәнін аша білу қажет. Шығармадағы көтерілген мәселенің өзектілігін ұлттық мүдде тұрғысынан талдап, ұлттық құндылықтардың

әлемдік деңгейдегі маңыздылығын көрсетуі тиіс. Баяндау жүйелілігі, бірізділігі мен өз ой тұжырымдарының дәлелділігі, жаңашылдығы, сөз саптау шеберлігі бағаланады.

Шығармашылық жұмыс арнайы дайындалған слайд арқылы қорғалады.

Берілетін уақыт 5-7 минут.

*Байқаудың 2,3,4 бағыты бойынша қатысушылар тақырыпқа сәйкес киім үлгісімен шығуы ескеріледі.*

### **3. Байқаудың қазылар алқасының қызметі**

Байқауға қатысушыларды төрағадан, хатшыдан және алқа мүшелерінен (барлығы 15 адамнан кем емес) тұратын қазылар алқасы бағалайды.

Қазылар алқасы:

- 1) қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудың өлшемдерін бекітеді;
- 2) қатысушылардың білімі мен өнеріне талдау жасайды және бес баллдық жүйемен бағалайды.
- 3) қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- 4) жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;
- 5) байқаудың қорытындысы туралы есеп береді.

### **IV. Қорытындылау және марапаттау**

1. Байқаудың бағыттары бойынша I, II, III орын жеңімпаздары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының дипломдарымен және ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталады.

2. Барлық қатысушыларға қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.

### **V. Қаржыландыру**

1. Қаржы шығындары бекітілген смета бойынша қаржыландырылады.
2. Республикалық кезеңге қатысушы оқушылардың жол жүру шығындары мен жетекшілердің іссапар кезіндегі шығындары жіберуші жақ есебінен төленеді.
3. Республикалық кезеңге қатысушы оқушылардың тамақтануы, жататын орны ұйымдастырушы жақ есебінен төленеді.
4. Республикалық кезеңге қатысушылардың марапатына берілетін бағалы сыйлықтарды Атырау облысының Білім беру басқармасы белгілейді.

### **Ұйымдастыру комитеті**

«Дарын» РҒПО: 8 7172 57 01 27

Атырау облысы Білім беру басқармасы, «Таланттарды анықтау және қолдау» орталығы

Байланыс телефондары: 8 778 907 93 37

Эл. Пошта [atyrau\\_daryn@mail.ru](mailto:atyrau_daryn@mail.ru)

### **Сұраныс үлгісі**

№	Оқушының аты - жөні	Облысы, қаласы ауданы	Мектебі сыныбы	Бағыты	Тақырыбы	Дайындаған жетекшінің аты - жөні, телефоны